



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**Ұлттық Банк цифрлық активтер бойынша ерекше реттеу режимін және пилоттық жобаларды іске қосты**

2025 жылғы 28 шілде

Астана қ.

Ұлттық Банк цифрлық активтерді ерекше реттеу режимінің (реттеуші сынақ алаңының) іске қосылғаны және алғашқы пилоттық жобалардың басталғаны туралы хабарлайды.

Ұлттық Банк Басқармасының («Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ерекше реттеу режимін енгізуі және оның күшін жоюы, қаржы ұйымдары болып табылмайтын төлем ұйымдарының және (немесе) өзге заңды тұлғалардың ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыруы қағидаларын, Ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шарт жасасу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құжаттарды іріктеуі өлшемшарттарын және оларды қарау қағидаларын бекіту туралы») тиісті қаулысы 2025 жылғы 25 шілдеде қабылданды (бұдан әрі – № 42 Қаулы).

№ 42 Қаулы цифрлық активтерді пайдалана отырып, жаңа сервистерді сынақтан өткізуге мүмкіндік береді, әрі Ұлттық Банктің ерекше реттеу режимінің мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Құжат цифрлық активтер бойынша ерекше **реттеуші сынақ алаңының жұмыс істеу тәртібін**, пилоттық жобаларды іске қосу үшін құжаттарды қарау рәсімін, қатысушылардың құрамын (тұлғалар тобын) және олардың қызметінің базалық шарттарын айқындайды.

Ерекше реттеу режиміне қатысушылар:

- екінші деңгейлі банктер;
- банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар;
- төлем ұйымдары;
- өзге де заңды тұлғалар, яғни Қазақстан Республикасының резиденттері.

Ұлттық Банк даму мен қаржылық тұрақтылық арасындағы тепе-теңдікті сақтай отырып, цифрлық қаржылық инновацияларды қауіпсіз сынау мақсатында ашық платформа құруға ұмтылады.

Бұдан басқа, реттеу режимінің аясында **цифрлық активтер индустриясының бизнес-қоғамдастығы бастамашылық еткен** өтінімдерге сәйкес **төрт негізгі бағыт** бойынша дайындығы жоғары дәрежедегі **пилоттық жобалардың бірінші тобы** іске қосылды:

1) Теңгемен қамтамасыз етілген **«фиат» стейблкоиндары** – ақшамен қамтамасыз етілген цифрлық активтер. Олар долларлық стейблкоиндардың әлеуетті алмастырушысы ретінде сыналатын болады (теңгедегі құралдардың тартымдылығын арттыру үшін);

2) **Жылжымайтын мүлікті токенизациялау** – жылжымайтын мүлік нысандарына құқықтарды куәландыратын цифрлық токендер. Девелоперлерге қаржыландыруды тартуға және бөлшек инвесторларға коммерциялық жылжымайтын мүлікке инвестициялар жасауды қол жеткізуге мүмкіндік береді;

3) **Нақты активтерді токенизациялау** – заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестеріне құқықтарды цифрландыру және коммерциялық берешек бойынша талап ету құқықтарын токенизациялау айналым капиталын тартудың жаңа тетіктерін жасайды және инвесторлардың нақты секторға қолжетімділігін кеңейтеді;

4) Қамтамасыз етілмеген цифрлық активтердің (криптовалюталардың) айналымымен байланысты тәуекелдерді бағалау және кейіннен реттеушілік тәсілдерді әзірлеу үшін **криптовалюталарды ақшаға айырбастау**. Басты мақсат – қазақстандық криптоинвесторларды «заңсыз» аймақтан шығару үшін *(криптовалюталардың көлеңкелі айналымын қысқарту үшін)* қолайлы орта құру.

Ұлттық Банк ерекше реттеу режимінде төлем қызметтері мен цифрлық активтер саласында [жаңа өтінімдерді қабылдау үшін](#) ашық.

Естеріңізге сала кетейік, 2025 жылғы 30 маусымда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау, байланыс және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 30 маусымдағы № 205-VIII Заңы қабылданды. Өзгерістер шеңберінде цифрлық активтерге байланысты қызметке қатысты ерекше реттеу режимін (реттеуші сынақ алаңын) енгізу жөніндегі Ұлттық Банктің құзыреті кеңейтілді.

**Толығырақ ақпаратты мына телефон нөміріне хабарласып алуға болады:**

+7 (7172) 77-52-10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)